

7 ТАҚЫРЫП. ӨНІМ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КӨЛЕМІН ТАЛДАУ

Дәріс жоспары(1 сағат)

- 1.Өндірістік нәтижелерін талдаудың міндеттері және көздері**
- 2.Өнім өндіру және жүзеге асыру көлемінің динамикасы, ассортименті және түрлері бойынша талдау**
- 3.Өнім көлеміне факторлардың әсерін талдау және құрылымның қозғаласын талау. Өнімнің төлемқабілеттілікті талдау**

*** 1. Өндірістік
нәтижелерін талдаудың
міндеттері және көздері**

Өндірістік қызметпен айналысатын фирмалар жұмысын талдау, өнімдер шығару көрсеткіштерін зерттеп-үйренуден басталады. Оның негізгі міндеттері:

- 1) болжамның маңызын, өндіріс динамикасын және өнімдердің өткізуін бағалау;
- 2) факторларды анықтау және олардың өнім көлемінің өзгеруіне әсерін есептеп шығару;
- 3) өнімдер шығару мен өткізуді көбейту резервтерін анықтау;
- 4) анықталған резервтерді игеру жөнінде шаралар әзірлеу.

Тауар мен жалпы өнім өндіріс көлемінің негізгі көрсеткіштері болып қызмет етеді.

Жалпы өнім - бұл аяқталған өндірісті қоса алғандағы бүкіл өндірілген өнімдер мен орындалған жұмыстардың құны.

Тауар өнімінің жалпы өнімнен өзгешелігі оған аяқталмаған өндіріс қалдықтары, яғни өткізуге арналған өнімдер қосылмаған.

Өндіріс көлемін талдау жалпы және тауар өнімдерінің динамикасын зерттеп-үйренуден, өсудің базистік және тізбектік қарқындарын есептеуден басталады.



Кәсіпорындарға талдау жасау кезінде өнімдерді өндіру ырғақтылығына талдау жасау маңызды орын алады.

Ырғақтылық – болжам бойынша қаралған көлем мен ассортиментке сәйкес өнімдерді бір қалыпты шығару. Ырғақты жұмыс өнімдерді шығару мен өткізудің негізгі жағдайы болып саналады, осыған орай ырғақтылық коэффициенті айқындалады.

Өнімдерді нақты шығару, бірақ
болжанғаннан жоғары емес (ӨНШ)

Қырғақ = $\frac{\text{Өнімдерді нақты шығару, бірақ болжанғаннан жоғары емес (ӨНШ)}}{\text{Шығару болжамы (ӨШТ)}}$

Өндірістік фирмалардың өндірген өнімдерінің көлемін 2 формула бойынша анықтауға болады:

1. $\Theta Ш = ЖС * К * С * \Theta$,

мұнда ЖС - жұмыскерлер саны, К - жұмыс күндерінің саны, С - бір күндегі атқарылған сағаттарының саны, Θ - 1 жұмыскердің өнімділігі.

2. $\Theta Ш = ЖС * \Theta$

***2. Өнім өндіру және жүзеге асыру көлемінің динамикасы, ассортименті және түрлері бойынша талдау**

Өнімдерді өткізуден түсетін түсімге талдау жасау ішкі кезеңдерге бөлшектеу арқылы фирма бойынша шарттық міндеттемелерді орындауды бағалаудан басталады.

Осыған орай төмендегідей формула бойынша ырғақтылық коэффициентін анықтау дұрыс болып саналады

$$K_{\text{ырғақ}} = 100 - V$$

$$V = \frac{Q \cdot 100}{\bar{X}}$$

$$Q = \sqrt{\frac{\sum (x - \bar{x})^2}{n}}$$

Мұнда V - түрлену коэффициенті

Q - орта тік төртбұрыштық ауытқу

\bar{X} - тоқсан, жыл үшін орташа ағымдық және болжамдық мәндердің %-ық ауытқулары.

x - әрбір ай үшін %-дық қатынастар.

Тауарларды өткізуден түскен айналым динамикасы мына формула бойынша анықталады.

$$Д = \frac{ТД}{ПР} * 100\%$$

Мұнда ТД - есепті жылдық ағымдағы мәліметтері

ПР - өткен жыл мәліметтері

Өткізілетін тауарлардың құрылымы мен ассортиментін зерттеу кезінде болжаммен және өткен кезеңдермен салыстырылатын жалпы өткізу көлеміндегі әрбір тауардың үлес салмағы мен пайыздық арақатынасы анықталады.

*** 3. Өнім көлеміне факторлардың әсерін талдау және құрылымның қозғаласын талау. Өнімнің төлемқабілеттілікті талдау**

Есептеуге ыңғайлы болу үшін барлық факторлар **4 топқа** біріктірілген:

1. тауар ресурстарын қамтамасыз етумен байланысты факторлар;
2. еңбек ресурстарымен қамтамасыз етумен байланысты факторлар;
3. халықтың санымен және олардың ақшалай табыстарымен байланысты факторлар;
4. баға мен сұраныс.

Факторлардың бірінші тобына жататындар:
Тауарлардың түсуі , кезеңнің басы мен аяғына
тауарлар қалдығы және тауарлардың өзге де кетуі .

**Еңбек ресурстарымен қамтамасыз етумен
байланысты факторларға мыналар жатады:**
сауда қызметкерлерінің саны , жұмыс істеген күндер
, сағаттар саны, 1 жұмыскердің өнімділігі.

**Халықтың саны мен олардың ақшалай
табыстарымен** байланысты факторларға келесілер
жатады: халықтың саны, қызмет көрсетілетін
халықтың саны, жан басына шаққанда ақшалай табыс
және өткізуден түскен түсіммен ақшалай табысты
қамту.

Өткізілген өнімдердің көлемін мына формула бойынша анықтауға болады:

$$\Theta = \frac{XC * AT * Қ}{100}$$

Мұнда **XC** - қызмет көрсетілетін халық саны

AT - халықтың жан басына шаққанда ақшалай табыс

Қ - тауарларды өткізуден түскен түсіммен ақшалай табысты қамту пайызы

Θ - өткізу

Өткізуден түскен түсімге өткізілген тауарлар бағасы мен санының әсерін есептеп шығару үшін индекстік әдіс пайдаланылады.